



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ

”

«Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені, мұғалім - мектептің жүрегі» деп ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсарин айтқандай, мектептің мерейі мен баланың болашағы ұстаздарға тікей байланысты екендігін жадымыздан шығармағанымыз жөн. Мұғалім – бала болашағының бағдаршамы. Ұрпақтың қандай болып өсуі, ұрпақ тағдыры, ұлт тағдыры, ұлттық құндылықтар тағдыры ұстаздардың қолында.

ҚР ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРІ

**ҒАНИ БЕЙСЕМБАЕВ**



”

**Ұстаздың басты мұраты шәкіртінің жүрегіне жол тауып, санасына ізгіліктің нұрын құю, жолына білімнің шамшырағын жағу болса, отбасындағы тәрбие үшін, баласының жайлы ортада өмір сүруі және адами қасиеттерінің қалыптасуы үшін ата-анасы жауапкершілікте.**

ҚР ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРІ

**ҒАНИ БЕЙСЕМБАЕВ**



”

*Қазіргі мемлекет мұғалімді Мағжан Жұмабаев айтқандай қоғам төрінен орын алар мәртебеге көтеру ұстанымын іске асыруда. Бірақ «Тәрден орын алу үшін ұстаз қандай болуы керек?» деген сұрақ бәрімізді де ойландыруы тиіс. Осы орайда, адамзаттың екінші ұстазы атанған Әл-Фарабидің мына өсиетіне назар салайықшы: «Ұстаз... жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, ешнәрсені ұмытпайтын алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі, мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ, жұрттың бәріне жақсылық пен ізгілік көрсетіп, қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек».*

ҚР ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРІ

**ҒАНИ БЕЙСЕМБАЕВ**



”

**«Ұстаздық – мамандықтың төресі» дейді дана халқымыз. Әйгілі қолбасшы Александр Македонскийге: «Сіз неге әкеңіз Филипп патшадан гөрі, ұстазыңыз Аристотельді көбірек қадір тұтасыз?», - деп сұрағанда: «Әкем менің тәнімді тәрбиелеп, көктен жерге түсірді, ал ұстазым менің жанымды тәрбиелеп, жерден көкке көтерді», - деген екен. Сондықтан да, осындай аса мәртебелі де жауапты міндетті мойнына алып, бар ынта-ықыласын, күш-қуатын жас ұрпақ тәрбиесіне арнап жүрген ұстаздардың еңбектеріне шексіз ризашылығымды және зор алғысымды білдіремін.**

ҚР ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРІ

**ҒАНИ БЕЙСЕМБАЕВ**



”

*Қазіргі жылдам өзгерістер заманы, цифрлық қоғам мұғалімнің алдына жаңа талаптар мен тәуекелдер туындатуда. Оқытудың жаңа әдістері мен құралдары үздіксіз жетілдірілуде. Жасанды интеллекттің де оқу процесінің белсенді субъектісіне айналар уақыты алыс емес. Бірақ бала жанының басты бағбаны мұғалім болып қала бермек. «Тұлғаңды арманымға ұқсатқанмын, үлгіңді көңіліме қыстатқанмын» деп «Ұстазым» әнінде айтылғандай, оқушы бала үшін мұғалім келбеті, мұғалім үлгісі басты құндылық болып сақталары анық.*

ҚР ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРІ

**ҒАНИ БЕЙСЕМБАЕВ**



”

*Мұғалімнің жұртшылық ортасындағы, шәкірт алдындағы мәртебесі ең алдымен оның адами келбетімен, тұлғалық қасиеттерімен, сосын барып кәсіби деңгейімен айқындалады. Білім мен тәрбиенің темірқазығы ұлттық құндылықтар болса, сол құндылықтарды баланың санасына дарытушы мұғалімге тән адами қасиеттер олар - шәкіртіне деген сүйіспеншілік, адалдық, әділдік, әдептілік, ар тазалығы, парасаттылық, жасампаздық болғаны ләзім. Осы қасиеттер жан-жақты біліктілік, жаңашылдық, шығармашылық, еңбекқорлық, ізденімпаздық сияқты кәсіби қабілеттермен үйлесім тапса, сонда оның шын аты ұстаз болмақ.*

ҚР ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРІ

**ҒАНИ БЕЙСЕМБАЕВ**



”

*Қазақ халқы ежелден ұстазды қадір тұтқан, оған бас иген халық. Ұстаз алдынан шыққанда бас киімін алып сәлем беруді, баласы жақсы болуы үшін «Мұғалім бол!» деп бата беруді дәстүр қылған халық. Мұның өзі балаларымыздың әдепті де, саналы болып өсуінің бірден-бір шарты. Мен жұртшылықты соңғы кезде көмескіленіп қалған осы тамаша дәстүрді жаңғыртуға шақырамын. Себебі ұстазды қадірлеген халықтың болашағы жарқын, ісі берекелі.*

ҚР ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРІ

**ҒАНИ БЕЙСЕМБАЕВ**